



SCIENCE AND EDUCATION LTD

Registered in ENGLAND & WALES  
Registered Number: 08878342

OFFICE 1, VELOCITY TOWER, 10 ST. MARY'S GATE, SHEFFIELD, S  
YORKSHIRE, ENGLAND, S1 4LR

**Materials of the XI International scientific and practical  
conference, «Science without borders», - 2015.**  
Volume 13. Pedagogical sciences. Sheffield.  
Science and education LTD - 112 стр.


**Editor:** Michael Wilson

**Manager:** William Jones

**Technical worker:** Daniel Brown

Materials of the XI International scientific and practical conference,  
«Science without borders», March 30 – April 7, 2015  
on Pedagogical sciences.

For students, research workers.



<b>Қалиев Н.Қ.</b> Дене тәрбиесі сабағында жеке тұлғаны қалыптастырудың бағыттары.....	63
<b>Нарықбай Р.Т.</b> Мектептегі оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру жолдары .....	65
<b>Ибраев А.З.</b> Мектептердегі дене тәрбиесінің жағдайларына шолу .....	67
<b>Жилисбаев Н.К.</b> Формирования культуры здоровья студентов .....	69
<b>Саснко Н.С.</b> Розвиток дискурсивної компетенції в іншомовній комунікації у студентів технічних спеціальностей .....	73
<b>Медиева С.Х., Шаяхметова М.Н., Анарбаева Г.С.</b> Ауызекі шығармашылық материалдарын оқыту үрдісіндегі халық ағартушыларының ой-пікірлері .....	76
<b>Баетов Б.К.</b> Общественное обоснование доназологической диагностики компонентов здоровья современной молодежи .....	79
<b>Баетов Б.К.</b> Научные основы формирования здорового образа жизнедеятельности студенческой молодежи в вузовских системах .....	82
<b>Баетов К.Д.</b> Проблемы формирования физической культуры студентов в процессе профессиональной подготовки .....	85

### SOCIAL PEDAGOGY

<b>Бецько О.С.</b> The Content of Social Informational Competence of University Students as Part of Career Training .....	89
<b>Митросенко С.В.</b> Современное состояние исследования социального образования .....	92
<b>Мамурбекбаева Г.А.</b> Psychological-pedagogical support of the family in social teacher's practice as a condition for solving problems of the modern family .....	96
<b>Сарсебаева Ғ.А.</b> Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесінің ролі .....	99
<b>Оразымбетова Э.О.</b> Әдістемелік жұмыс арқылы педагогтардың кәсіби құзырлығын арттыру .....	102
<b>Новик Н.Н.</b> Отклоняющееся поведение у дошкольников .....	105

## PEDAGOGICAL SCIENCES

### MODERN TEACHING METHODS

**П.ғ.к., доцент Абилкасымова Г.**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

**Каршалова А.М., Бекей Х.**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Кәсіптік оқыту» мамандығының студенттері*

### ТЕРІ ӨНДЕУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары бұл инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты деп көрсетілгендей [1]. Бүгінгі кезде оқушыларды еңбекке даярлау технологиясына оқыту процесінде ғана емес, сонымен қатар жалпы білім беретін орта мектептің бүкіл оқу-тәрбие іс-әрекеті процесінде жүзеге асатыны белгілі.

Дегенмен, оқушылардың жалпы еңбектік политехникалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруда еңбек технологиясына оқыту жетекші роль атқарады. Оқушыларды еңбекке даярлау мектепте ғылым негіздері бойынша білім және кейінгі тіршілік әрекетінің саласын таңдап алудың интеграциялау кезеңі ретінде әрекет етеді.

Оқушыларды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрі мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім менгеруге, еңбек етуге үйретуге қажет. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жәй салуды, киім – кешек тігуді, азық – түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе – күн тіршілік барысында орынды пайланса, әсем бұйымдар жасап өмір де, сән – салтанатта құра біледі [2].

Тері бұл әртүрлі өрнек, бұйымдар жасау үшін созымды, иге көнетін, жағымды материал, әрі бұл өте қызықты жұмыс. Ал бұл материалды қайдан алу керек. Оны үйдегі ескі қолданбайтын былғары етік, пальто, қолғап, сумка, т.б. аламыз. Әр түрлі бұйымдарды жасау үшін алдымен былғарыны дайындаймыз. Былғарымен жұмыс айтарлықтай көп еңбекті керек қылады. Жұмысқа кірісу

үшін столды дайындау керек – жұмыс тақтасын бекітіп, құрал – саймандарды, материал-дарды жайып қою.

Былғарыны алдын-ала іріктеп және сұрыптап аламыз. Ендігі әр түрлі бұйымдарды жасау үшін ескі былғарыны қалай дайындау керек екеніне тоқталайық. Ол үшін, егер киім былғарыдан болса барлық жіптерін және желілік төсемді алып тастап, мұқият сөгеміз. Одан кейін бөліктерді жылы суда жуу керек, ал кірлеген жерлерін сілтісіз сабын қосып, жұмсақ щетка және губка мен ақырын сүртеміз. Соңында бөліктерді жақсылап шайып, соңғы рет шайғанда суға уксус және тұз қосамыз.

Былғарыны етіктен ажыратқанда алдымен «ілгек» пен төсеуді алып тастаймыз. Одан кейін пышақпен етіктің төменгі бөлігінен бастап қонышын кеседі. Қонышты барлық тігісі бойынша соғудің қажеті жоқ. Оларды бүтін қалдырып, жоғары-да айтылғандай жуып, қажет болған кезге дейін сақтаймыз.

Әмиян, сумка, белдік, папка сияқты ұсақ бұйымдардың былғарысын жұмысқа дәл осы сияқты дайындайды. Әсіресе, бұл заттарда көбінесе сәндік былғарыны қолданады, бұл әртүрлі бұйымдар жасауда жақсы, әшекейлейді, әдемілетеді [3].

Күдеріні (замша) сабын немесе кіржуатын ұнтақ қосылған жылы сумен жуамыз. Қатты кірленген жерлерді спиртке малынған тампонмен сүртеміз де, оны жуамыз. Кептіргеннен кейін күдерінің түгін көтеру керек. Бұны резеңке щетка, зімпара қағаз, қатты поролонмен және өшіргішпен жасауға болады. Сонымен қатар ескі былғарыда тозған және ақаулар болады, оны тегістеу және бояу арқылы кетіруге болады. Жуғаннан кейін былғарының түсін глицеринмен қалпына келтіреміз. Былғарыдағы сызаттарды аяқ киімге арналған аниминдік крем немесе нитро бояғыштармен бояу арқылы жоюға болады. Фломастерлермен былғарының кесілген жерлерін жақсылап бояймыз. Кішкентай сәндік бұйымдар үшін, егер былғары да қатты бүткіліс болмаса, майлы бояуды қолдануға болады немесе былғарыны тырнаққа арналған лакпен сылаймыз.

Осыған орай, біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық өмірімен, қоғамдық тарихымен, күнкөрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екендігін көреміз.

Сондықтан, еңбек технологиясына оқыту мұғалімдерінің берген және оқушылардың осы пәндер бойынша алған білімдері мен іскерліктеріндегі кемшіліктерінің орнын толтыруына тура келеді. Олай болса, еңбек даярлығының алдында тұрған мына мәселелерді шеше алмайды: оқушылардың әрбірінің мүддесіне, қабілеттері мен бейімділіктеріне сәйкес олардың кәсіби қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған еңбекке оқытудың дамытушылық сипатын қамтамасыз ету; оқушылар мүдделі болған әртүрлі материалдар өңдеудің техникасы мен технологиясы жөнінде білім алуға мүмкіндік беру; мектептердің өндірістермен экономикалық серіктестікке негізделген өзара қарым-қатынасының формаларына көшу

## CONTENTS

### PEDAGOGICAL SCIENCES

#### MODERN TEACHING METHODS

<b>Абилкасимова Г., Каршалова А.М., Бекей Х.</b> Тері өңдеу барысында оқушылардың қызығушылығын дамыту .....	3
<b>Калиев Н.К.</b> Жасөспірім балалардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру .....	5
<b>Нарықбай Р.Т.</b> Білім беру жүйесін жетілдіруде жаңа инновацияның алатын орны .....	8
<b>Дайрабаев М.С.</b> Болашақ дене шынықтыру мамандық білімгерлерін кәсіби педагогикалық даярлау ерекшеліктері .....	11
<b>Абилкасимова Г., Бекей Х., Каршалова А.М.</b> Ұлттық киімнің шығу тарихы .....	14
<b>Иванова В.М.</b> Обучение в сотрудничестве – как современная технология преподавания иностранного языка .....	16
<b>Шамсиева Н.С., Алибаева Н.Е.</b> «Ақпараттық мәдениет негіздері» пәннен электронды жұмыс дәптерінің тиімділігі .....	18
<b>Erykova E.V.</b> Organization project and research activities in the primary school....	22
<b>Мышкина Л.В., Рудакова Л.В.</b> Интернет – общение .....	25
<b>Сорокина О.Н., Ломанова И.В.</b> The communicative approach in professional oriented foreign language teaching in medical school .....	28
<b>Жолдасова Б.Б.</b> Болашақ мұғалімдерге табиғатты бейнелеу арқылы эстетикалық тәрбие беру .....	31
<b>Samsonowa N.I.</b> Gesellschaftliche Erklärung für die sprachliche Entwicklung .....	36
<b>Галич В.</b> Методи навчання у розвитку творчої особистості .....	38
<b>Тулеева Ж.И.</b> Проектная деятельность на уроках искусства .....	39
<b>Бижанова О.И.</b> Полиязычие и информационные технологии .....	43
<b>Ибраев А.З.</b> Формирование навыков и привычек поведения студентов на занятиях физической культуры.....	45
<b>Жусипова А.С.</b> Инновационные технологии в творческих композициях школьников на занятиях по изобразительному искусству .....	49
<b>Ахмедов Б.А.</b> Психологический дискомфорт, как причина проявления водобоязни у детей .....	53
<b>Seidakhmetov E.E.</b> Motive capabilities.....	56
<b>Vaimukhanbetov B.M</b> Age features education of motor abilities .....	59

обычные воспитательные воздействия и занятия оказываются малоэффективными. К работе с этими детьми необходимо подключать психолога, который пользуется системой развивающих и психокоррекционных игр применительно к разным возрастам.

Литература:

1. Девиантное поведение детей и подростков. Сборник методических материалов. – Биробиджан, 2010.
2. Зайдуллина, Г.Г. Причины отклоняющегося поведения детей дошкольного возраста / Г.Г.Зайдуллина // Вестник Нижневартковского государственного университета. – № 4. – 2013. – С.24-32.
3. Захаров, А.И.Предупреждение отклонений в поведении ребенка / А.И.Захаров. – СПб.: Союз, 2000. – 224с.
4. Novik N.N. How to develop empathy in adolescents with behavioural problems? Life Sci J 2014;11(10s):198-202.
5. Хаэр, Роберт Д. Лишенные совести. Пугающий мир психопатов / Р.Д.Хаэр. – М.: ООО «И.Д.Вильямс», 2007. – 288с.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Орталық Қазақстан, 2013. №12-13 (21438)
2. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 112 б.
3. Қалиев С, Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы :»Рауан», 1994.-164 б.

**Калиев Нұржан Кажымуханович**

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

**ЖАСӨСПІРІМ БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Бала тәрбиесі әр уақытта үлкен мәселе болып саналады. Тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып, жан-жақты қалыптастыру.

Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Тәрбиеші – балаларды адам мәдениетінің әлеміне, күрделі және алуан түрлі қарым-қатынастардың әлеміне ертетін үлкендердің бірі. Қазіргі кезде ата-ананың сұраныс деңгейі биік. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мәселесі қазіргі заманымызда өзекті болып отыр. Балалардың білім беруде, адамгершіліктің ең құндықасиеттерін бойына сіңіріп тәрбиелеуде, білім мекемелерінен, ұстаздардан, ата-аналардан шығармашылықты талап етеді.

Баланы жан-жақты, дені сау, үйлесімді болып өсуіне ата-анасы қаржысын аямай, ден қояды. Кішкентай жастан музыка, би, шет тілдер, спорттықүйірмелерге қатыстырады. Оның барлығы, әрине заман талаптарына сай, бірақ ең бастысы рухани адамгершілік тәрбие – тәрбиенің бастамасы екендігін ешқашан ұмытпағанымыз дұрыс.

Еліміздің егемендік алған уақыт ішінде қоғамда қаншама өзгерістер болды. Сол өзгерістер туғызған соңғы жаңалықтар бала өміріне тікелей әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Ел ертеңі, ұлт болашағы үшін этнопедагогика пен этнопсихология ілімдерінің жетістігін тәрбие құралына айналдыру – бүгінгі күннің басты сұранысы. Егеменді елімізге сай ұрпақ тәрбиелеп шығудың бірден бір жолы – өсіп келе жатқан ұрпақты эстетикалық тұрғыдан шындау. Осыны халықтық педагогика арқылы жүзеге асыруға болады. Халық педагогикасымен айналысушылар қоғам дамуының алғашқы сатыларында-ақ тәрбиеге өзіндік көзқарас болғандығын,

мақсатқа сай тәрбиеленудің жолдары ойластырылғандығын мәлімдейді. Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

«Қытайлықтар ұлы қытай қорғанын, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», – деген екен ұлы кемеңгер жазушы М.О.Әуезов. Келе жатқан ғаламдану кезеңінде ұлы жазушымыз атап айтқан ұлттық құндылықтарымыз бен бай тілімізді келер ұрпаққа жеткізуде мектептің ролі мен ұстаздар қауымының алар орны ерекше және күн тәртібінен үспес өзекті мәселе болып қалуы керек. М. Жұмабаев кезінде: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебімен салмақ. Бір елдің тағдыры – мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе». Бұл ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі.

Баланың бойына ұлттық құндылықтың нәрін сеуіп, азамат қылып өсіру ұстазға да байланысты. Тәрбиенің түп қазығы мұғалімнен бастау алады. Сондықтан да ұстаздың білімді де білікті болуы керек. «Білім туралы» заңда «Педпгогикалық қызметкер мәртебесі» бөлімінің енгізілуі бізді қуантады әрі үлкен жауапкершілік жүктейді.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады».

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инбаттылық, қарапайымдылық, т.б. Адамгершілік – ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қиеті, адамгершілік және психологиялы қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен мектепқызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің мектебімізде ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуда. Онда «Білгенге маржан», «Қауіпсіздік ережесі», «Ата-аналарға кеңес» деген бұрыштар бар.

Атап айтар болсақ, дәстүрлі ата-аналар жиналыстарымен бірге тақырыптары: «Балаға көркемдік тәрбие беру», ашық сабақтарға, ойын-сауық кештері, ата-аналарға арналған сауалнамалар, басқа шаралар ұйымдастырылып отырылады. Әр ата-ананың мектепте болып жатқан іс шараларға деген қызығушылық білдіруі де әр қалай.

Поэтому теперь уже перед педагогами дошкольных учреждений все чаще встает проблема детей с отклоняющимся поведением.

По данной проблеме долгое время исследований не проводилось, поскольку к отклоняющееся поведение у дошкольников рассматривалось как непослушание (шалость, проступок, озорство) или как детский негативизм (капризы, упрямство, своеволие, недисциплинированность). В работах Н.М.Аскариной, Л.Г.Голубевой, Т.Г.Жаровцевой рассматриваются отклонения в поведении у дошкольников, не посещавших в раннем детстве детский сад и с трудом к нему адаптирующихся.

Г.Г.Зайдуллина считает, что для того, чтобы было возможно установить связь между ранним опытом девиантного поведения в дошкольном детстве с более поздними этапами жизненного пути, целесообразно проследить, как преодолеваются возрастные кризисы, какие нарушения проходят с возрастом, а какие фиксируются и негативно влияют на весь ход дальнейшего личностного развития и поведения. У детей 2–3 года жизни отклонения в поведении зачастую проявляются в виде вспышек ярости, когда ребенок в ответ на какие-либо ограничения, налагаемые родителями, визжит, бьется руками и ногами или начинает задыхаться. Если родители сумеют в момент такого детского озлобления игнорировать капризы, не выполнять его требования, вовремя отвлекая ребенка, когда он выходит из себя, эти нежелательные реагирования будут преодолены. Возраст от рождения до трех лет наиболее подвержен разнообразным неблагоприятным воздействиям. В этот период, особенно в кризисные моменты развития, велика возможность тех или иных отклонений в поведении. По результатам исследований А.И.Захарова, у трехлетних детей, которые неблагополучно развиваются, чаще всего выражены конфликтность, стремление выделиться, что приводит к неприятию таких детей сверстниками, они проявляют упрямство и недоверчивость, грызут ногти, у них нередки тики, энурез.

Таким образом, дети дошкольного возраста с отклоняющимся поведением отличаются от своих сверстников пониженной познавательной активностью, отставанием в развитии речи, задержкой психического развития, отсутствием навыков общения и конфликтами во взаимоотношениях со сверстниками.

Одна из опасностей периода дошкольного детства, по А.И.Захарову, – возможность появления у ребенка чувства вины за свою любознательность и активность, что может подавить развитие инициативы, замедлить развитие игровых навыков. Зачастую такие дети не имели дома игрушек, книг, не знают никаких игр и поэтому, попадая в дошкольное учреждение не знают, как играть с игрушками, как играть в игры. Они быстро ломают, портят и теряют игрушки, примитивно используют их в игре. Основными видами деятельности на улице у них являются беготня, догонялки и дразнилки или уход от всех, одиночество, ничегонеделание.

Пробелы в развитии игровой деятельности, как и в общем психическом развитии детей с отклоняющимся поведением часто бывают столь значительны, что

- периодическая, произвольная и непродуманная ложь;
- очевидное безразличие (или неспособность понять) к чувствам, ожиданиям и боли окружающих;
- неповиновение родителям, учителям и пренебрежение общественными правилами;
- постоянные проблемы и невосприимчивость к замечаниям и возможности быть наказанным;
- мелкое воровство у других детей или у родителей;
- постоянные проявления агрессии, запугивания других детей и драки;
- постоянные прогулы, поздние возвращения домой и побеги из дому.

Жестокость по отношению к животным – тоже признак серьезных эмоциональных или поведенческих проблем, как и неспособности к эмпатии, которая у нормальных детей сдерживает желание причинить боль другому, и в следствии этого жестокость к другим детям, включая братьев и сестер.

Все дети в начале своего развития свободны от общественных ограничений, однако у некоторых из них вырабатывается стойкий иммунитет к социализации. Они сильно «отличаются» от нормальных детей, они более капризны, своенравны, агрессивны и коварны. С ними трудно «найти общий язык». Они не поддаются влиянию и наставлениям. И они всегда стараются проверить на прочность терпение общества.

Психолог Кен Мажид еще в 1987 году в своей работе «High Risk» высказал мнение, что неспособность родителей сформировать психологическую связку «родитель-ребенок» в нужный период развития ребенка (от рождения до двух лет) является основным фактором появления психических и поведенческих проблем.

Недостаток внимания со стороны взрослого в раннем возрасте приводит к недостаткам социального развития: не складывается потребность в общении и установлении контактов со взрослыми и сверстниками, затруднено сотрудничество с ними. Это приводит к отставанию в развитии речи, утрате самостоятельности нарушениям в личностном развитии.

Наиболее отчетливо проявляются недостатки развития эмоциональной сферы. Дети с трудом различают эмоции взрослого, плохо дифференцируют их, имеют ограниченную способность понимать другого, себя. Они конфликтуют со сверстниками, не могут взаимодействовать с ними, не замечают их бурных эмоциональных реакций. У них тормозится развитие познавательной деятельности, что проявляется в отставании в овладении речью, отсутствии инициативы в познании окружающего мира, амбивалентности отношения к предметам (предметы притягивают их внимание и одновременно вызывают чувство страха из-за неумения действовать с ними).

Типичным недостатком развития в дошкольном возрасте являются нарушения самостоятельности – от ее утраты до полного проявления, когда ребенок распоряжается собой по своему усмотрению.

Осы тұрғыда ойындарды ойната отырып, ата-ана өзін балаша сезінгенін айтады. Ата-аналарға арналған мерекелік шаралар өтті. «Менің Қазақстаным», «Жаңа жыл мерекесі», «Бәйшешек бүр жарғанда» – атты аналарға, әжелерге арналған мерекеміз және «Қош бол, мектебім» атты үлкен кештер өткіземіз.

Ата-аналармен жүргізілген әңгіме – кенесте бала тәрбиесі мәселесінде ата-ананың жауапкершілігі зор екендігі, баланың отбасында адам баласына тән қасиеттерге дағдыланып ұяда көргенінен өнеге алатындығы сөз болды.

Қазақстан Республикасының білім беру саласы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, жас бүлдіршіндерге терең білім мен тәрбие беру керек деген. Мектепке дейінгі тәрбиенің 2009 жылғы жаңа оқу стандарты бойынша «Біз мектепке барамыз» бағдарламасында ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері кезінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпы адамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарын дамыту міндеттері кіргізілген. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері бағдармаларға сүйене отырып, өзіміздің білім мен тәрбие беріп отырған мектебімізде халық педпгогикасы негізінде жұмыстар жүргізіледі. Әр саланы, бөлімді оқыту кезінде қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, үлгілі дәстүрлермен шебер ұштастырып, бала бойына ұлттық мақтаны, ұлттық патриоттық сезім қалыптастыру, оны бүгінгі күн талабына сай мазмұнды да пәрменді жүргізуге күш салу әр тәрбиешінің басты міндеті.

Қазіргі таңда қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы серпінді өзгерістер білім беруді әлемдік кеңістікпен ықпалдастыру талабын қойып отыр. Жаһандану дәуірінде ұлт ретінде жойылып кетуге соқтыруы мүмкін рухани мәңгірттіктен сақтану және халықтық тәжірибеге тән тәрбиенің мазмұнын сақтап қалу үшін өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды зерделеуге, рухани құндылықтарымызды саралап, оны білім беру жүйесіне кешенді ендіру арқылы ұрпақ тәрбиесін ұлттық негізде құруға басты мән беру өте маңызды. Қазақ халқының тарих қойнауында қанша ғасыр өтсе де, тәлім-тәрбиелік мәнін жоғалтпаған ұлттың болмысына, сана-сезіміне, тұлғалық сипатына сай жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар қатарына жататын асыл дүниелер бар екені белгілі. Осындай рухани құндылықтарды тәрбиенің мазмұнына арқау ету жетілген тұлғаны қалыптастыру мәселесі педагогика ғылымының тарихына жаңаша көзқарасты қажет етеді.

Қазақтар «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», – дегендей халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. «Балаң басқұр қалдырғанш, тозбас дәстүр қалдыр» – деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған.

Қорыта келгенде ұлттық тәлім-тәрбиелік идеялардың тұлға тәрбиелеудегі маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Серікқалиұлы З. «Дүниетану даналығы» Алматы. 1994жыл 224 б.
2. Сәрсенова Ж. Тәңірбергенова Ғ. «Әлеуметтану» Алматы 2000ж. 79 бет
3. Оразбекова К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында» Алматы. 2000ж. 543 бет
4. С.Ғаббасов. «Халық педагогикасының негіздері» Алматы. 1995ж. 26 бет

**Магистр-оқытушы Нарықбай Роллан Таженұлы**

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ЖАҢА ИНОВАЦИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдірудің проблемасы педагогика ғылымының даму барысының барлық кезеңінде өзекті мәселенің бірі болып келеді.

Білім берудегі елеулі бетбұрыстар 60-шы жылдардан басталды. Оқытудың теориясы мен практикасын дамытудың жаңа идеялары анықталды. Сол кездегі білім реформасы жалпыға бірдей білім беру мен мазмұнның ғылыми деңгейін жоғарлатуды мақсат етті. Бірақ, жеке тұлғаның қабілеті, бейімділігі, оның қызығушылығы іс жүзінде ескерілмеді. [1]

Мектеп тәжірибесінің нәтижелерінде бұл бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктері айқындалды, оны жетілдіре келе 1981-жылы орта мектептерге жаңа бағдарлама ендірілді. Бұл кезеңдегі басты жаңалықтар-пән аралық байланыстарға көңіл бөлінуі, оқушылардың білімдері мен біліктіліктеріне қойылатын талаптардың анықталуы, оқу материалының берілуінің нақтылануы, бағалау нормасының енгізілуі, оқытудың техникалық құралдары дамып, оларды оқытуда қолданудың әдістемесінің дамуы болды. [2]

Осыған орай қазіргі қоғамда болып жатқан күрделі өзгерістер білім мазмұнын дамытуға жаңа тұрғыдан қарап, педагогика ғылымының парадигмасын, әдіснамасын қайта қарастыруды талап етеді.

Оқытудың педагогикалық технологияларын жасап, іс – тәжірибеге енгізудің басты қажеттілігі қазіргі мектептердің оқу сапасы жағынан төмен нәтиже көрсетуінен болып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы 3-4 жылда жүзеге асырылып жатқан мектеп бітірушілерін жоғарғы оқу орындарына тесттік тұрғыда қабылдау қорытындысы талапкерлердің 27-30% құрайтын бөлігінің мемлекеттік стандарт талабынан төмен («2» бағасына сәйкес келетін) нәтиже беретінін көрсетіп отыр. [3]. Демек мектептерге дәстүрлі әдістер мен тәсілдерден гөрі тиімділігі жоғары, жаңа сападағы дидактикалық құрал қажет. Дүние жүзі педагог-ғалымдардың пайымдауынша мұндай құрал болып оқытудың

**К.п.н. Новик Н.Н.**

*Казанский (Приволжский) федеральный университет, Россия*

## **ОТКЛОНЯЮЩЕЕСЯ ПОВЕДЕНИЕ У ДОШКОЛЬНИКОВ**

История развития исследований и практики воспитания в нашей стране подтверждает, что, начиная с дореволюционного периода, проблеме поведения личности, которая в той или иной степени не соответствует установленным социальным нормам и потребностям уделялось особое внимание.

Важной и одновременно очень сложной задачей, стоящей перед современными педагогами и психологами, является поиск путей и технологий работы с детьми, которых однозначно выделяют в отдельную категорию. Это дети с отклоняющимся поведением. Но ни в нашей стране, ни за рубежом до сих пор нет единой точки зрения на сам термин «отклоняющееся поведение», наряду с которыми исследователи предлагают в качестве синонимов термин «девиантное поведение», «делинквентное поведение», «аддиктивное поведение», «дезадаптивное поведение», «деструктивное поведение», «акцентуированное поведение», что, по нашему мнению, требует определенного уточнения и дифференциации этих понятий. Тем более насущна эта проблема в отношении педагогической науки, в частности, для новой ее отрасли – ювеноальной педагогики.

Для этого необходимо, в первую очередь, определить, каких детей мы относим к категории носителей всех выше перечисленных форм поведения. Условно эту совокупность составляют дети так называемой «группы риска», или «трудные дети». В целом к категории детей «группы риска» педагоги обычно относят детей и подростков, личностные качества которых, характеристики имеют негативный отрицательный полюс: непослушный, невнимательный, неспособный, невоспитанный, неконтактный, недоброжелательный и т.д. В силу самых различных причин, в том числе педагогических, психологических, генетических, они стали детьми, с которыми сложно установить добрые отношения, найти общий язык, привить положительные качества.

Когда говорят о трудных детях, обычно имеют в виду педагогическую трудность. При этом чаще всего берется за основу одна сторона явления – трудность работы с этими детьми и не рассматривается вторая – трудность жизни этих детей, трудность их взаимоотношений с родителями, педагогами, товарищами, сверстниками, взрослыми. Трудные дети часто не столько не хотят, сколько не могут хорошо учиться и вести себя должным образом.

Считается, что большинство несовершеннолетних правонарушителей являлись в прошлом трудными детьми. Некоторые педагоги и ученые говорят о наличии уже в начальной школе детей с отклоняющимся поведением. В раннем школьном возрасте об отклонении ребенка от нормального развития могут говорить следующие признаки:

Білім беру жүйесінің қазіргі заман талабы қатардағы әдіскерден жаңашыл болуды, кәсіби шебер, толерантты болуды, өмірге бейімділікті, қызметте жақсы нәтиже көрсете білуді талап етеді.

Қазіргі заман талабына сай әдіскер өз білім дәрежесін үнемі көтеріп отыру, өзінің кәсіптік шеберлігін шыңдап, дамытып отыруы қажет. Осы талапқа байланысты әдіскердің өз білімін жетілдіріп отыруы жолдары бар. Әдіскер өзінің теориялық және практикалық дағдыларын сараптап, бағалап отыруы қажет. Жаңа мектепке жаңа ұстаз керек. Ал мектеп ұдайы өзгеріс үсінде. Қазіргі заман талабына сай педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесі біліктілікті арттыруға ғана емес, педагогтардың кәсіптік, шығармашылық бағытта өсуіне жағдай жасауы керек. Білім жетілдіру жүйесі еліміздің экономикалық, білім беру жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Бірақ қандай да жағдай болмасын, білім жетілдіру жүйесінің басты міндеті – мұғалімге көмек. Мұғалімге қандай көмек керек, ұстазды қателіктерден қалай сақтандырып, жігеріне жігер қосып, қандай жағдайда оны талпындыруға болады? Әрине, мұндайда көмекке әдіскерлер келеді. «Әдіскер» деген сөзбен көптен таныспыз. Бірақ әдіскердің жұмысына мән беріп, көп адам оның жан дүниесіне көңіл бөле бермейді. Кейінгі кездері әдіскерлер жайында әртүрлі көзқарастар туып жүр.

Білім беру жүйесіндегі бұл категория өз қызмет талабына байланысты әдістеме ілімімен кәсіби шұғылданатын педагогикалық қызметкерлер. Әдіскер белгілі бір педагогикалық жүйені әдістеме жағынан қамтамасыз етеді, педагогикалық кадрлардың кәсіби білімін жетілдіруге қатысады. Кейбір ғалымдардың: Әдіскер дегеніміз – өз жүрек қалауы бойынша таңдап алған кәсіби болғандықтан жалпы ағарту ісі қызметкерлерінің барлығына да тән қасиет. Мұндай жағдайда: Әдіскер дегеніміз – әдістеме әлеміндегі ғылым жаңалықтары мен мектеп практикасын толық меңгерген жоғары дәрежедегі маман [3].

Әдіскердің өмірден алған тәжірибесі, қабілет адамгершілігі, қарапайымдылығы, мінез – құлқы әлдеқайда жоғары деңгейде болуы қажет.

Академик М.М.Поташник: «Әдіскер – эрудит, консультант – аналитик, дамытушы т.б.»- деген. Әдіскер қандай қиын жағдай болмасын, кедергілерге қарамастан, мұғалімдермен тікелей, тынымсыз жұмыс жасауда. Әдіскер өз мамандығын жанымен сүйіп, жүрегімен қабылдағанда ғана жақсы маман бола алады, сондықтан да «Мұғалімге қызмет ету – тағдыр сыйлаған қарапайым іс» екенін ұмытпаған жөн.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, Ақорда. 27.07.2007. №319-III ҚРЗ (толықтырулар мен өзгертулер- 24.10.2011 №487-IV ҚРЗ)

2. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы. С.Б.Бабаев, Ш.Б.Оразов, К.С.Бабаева. Алматы, «Нұр- пресс»- 2008.

педагогикалық технологиясы табылады. Педагогикалық технологияның кәдуілгі әдістемеден басты айырмашылығы – оқыту процесінің нәтижелі болуына кепілдік беруі. Әрине оқу процесін, оқытудың әдістемелік жүйесін (мақсат, мазмұн, әдіс, түр, құрал) технологиялық негізде жобалағанда озық әдістер мен тәсілдер жобаның компоненттері ретінде оған кіреді. Сонымен қатар педагогикалық технология оқушының ынтасын, өз бетімен танымдық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, дамытуға тиісті.

Педагогикалық технология – педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдістерін зерттеп, айқындаушы және педагогикалық процесті жобалаушы бір бөлшегі. Ол – білім стандартында көзделген оқыту нәтижелерін қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтас қызметін бейнелейтін процесс.

Қазіргі заманғы педагогикалық технология төмендегідей негізгі әдістемелік талаптарға сай болуы тиіс:

1. Технологиялық сызба (карта) технологиялық процестің оны жеке функционалды бөліктерге бөлу және олардың арасындағы логикалық байланыстарды белгілеу арқылы көрсететін шартты бейнесі болуы қажет.

2. Әр педагогикалық технология тәжірибеде игерудің белгілі бір ғылыми тұжырымдамасына негізделуі тиіс: білім беру мақсаттарына жету процесінің ғылыми негіздемесі болуы керек.

3. Педагогикалық технологияның барлық жүйелік сипаттары: процестің логикасы, барлық бөлшектерінің өзара байланысы, тұтастығы болуы қажет.

4. Оқу процесін жобалау, жоспарлау, мақсатын анықтау мүмкіндіктері ескерілуі керек: кезеңді диагностика, нәтижелерді түзету мақсатында әдістер мен құралдарды түрлендіру мүмкіндігі қаралуы қажет.

5. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бәсекелестік жағдайда қызмет етеді. Сондықтан, белгілі білім стандартына сай нәтижелі оқыту кепілдігін беріп, нәтижесі тиімді, шығыны аз болуы керек.

6. Педагогикалық технологияны басқа білім беру мекемесінде басқа субъектілердің де қолдану мүмкіндіктері ескерілуі керек, яғни кең дәрежеде қолданылатындай болуы тиіс.

Педагогикалық технология оқу процесінің қойылған мақсатқа жетуіне кепілдік береді. Мақсатқа жету үшін кері байланыс болуы керек. Соған байланысты оқытуға технологиялық қатынаста төмендегідей шарттарды көрсетуге болады:

а) мақсат қою және нақтылау, мақсатты нәтижеге табысқа жетуге орай айқындау;

ә) ағымдағы нәтижені бағалау, қойылған мақсатқа жету жолында оқытуды өзгерту;

б) нәтиженің қорытынды бағасы.

Мектепте оқыту технологиясы оқыту процесіне қажетті психологиялық – педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені – әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық

талап ретінде пайдаланылады. Ол оқушылардың тәртібіне, оқуға ынтасына, іс – әрекетіне игі әсер етеді және сонымен бірге, мұғалімдердің педагогикалық іс – тәжірибесінің нәтижелілігінің тиімділігін қамтамасыз ететін оқу – тәрбие процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жоғарыда келтірілген түсініктерден, оқыту технологиясы дегеніміз педагогикалық тәжірибеде оқыту мен тәрбиенің нақты көзделген мақсатына қол жеткізу жолындағы тұтас дидактикалық жүйе құрайтын амалдар мен іс-әрекеттер тізбегі екенін көреміз.

Жалпы білім беретін мектептер үшін педагогикалық технология мындай төрт басты шартты қанағаттандыруы тиіс (В.П.Беспалько).

а) педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспромттарды жоюы қажет. Оқу процесінің нәтижелі болуына 100% кепілдік беруі қажет;

ә) оқушының өз бетімен жасайтын оқу танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие процесінің жобасына негізделуі қажет;

б) оқу мақсатын диагностикалық нәтиже беретін жолмен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалауды қажет етеді;

в) практикада оқу процесінің толықтығын қамтамасыз етілуі тиіс.

Қорыта келе, неге осы уақытқа дейін көп деңгейлі білім беруді және кредиттік жүйені ұйымдастыру мен басқарудың, білім сапасын бақылау мен бағалаудың, оқыту процесін жандандырудың ғылыми негізделген қарапайым педагогикалық технологиялары әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде жасалмаған деген сұрақ тууы мүмкін. Мұның жауабы оңай. Педагогикалық процесс өте күрделі, ашық жүйелер қатарына жататын объект, ал оны статистикалық заңдылықтарға сүйеніп, осы объектілердегі өзара әсерлер мен құрылымдардың түзілу процесін зерттейтін күрделі жүйелер туралы ғылым қазір қалыптасуда.

#### Әдебиеттер

1. Слатенин В.А. Педагогическая инновационная деятельность. – Москва 1997.
2. Сибгатов Г.К. Образовательные технологии в практической деятельности студентов вузов. Дисс... к.п.н. : 15.01.04. – Атырау, 2004.
3. Шуберт Е.Ю. Формирование у будущих учителей физической культуры готовности к профессиональному самообразованию. – Алматы, 1994.
4. Смаилов С.С. Условия активизации познавательной деятельности студентов технического вуза. Монография. – Алматы: Рауан, 1997.

психологиялық сауаттылық. Саяси-экономикалық білімділік және ақпараттылықты талап етеді»[1].

Қазіргі жағдайда еңбек нарығында экономиканы қайта құруда, жастардың кәсіптік дайындығының сапасы мен кәсіптік шеберлігі деңгейі сәттіліктің кепілі бола алады. Кәсіптік оқу орындарының міндеттері мамандарды дайындауда кәсіптік оқытуды жақсарту және оны іске асыруда әдістердің тиімділігін арттыруды көздейді. Кәсіптік оқу орнында оқыту процесін іске асыру, педагогтың саналы іс – әрекет жасай алу қабілетіне байланысты.

Құзырет – өкілетті қызмет адамы, сол салада оның сәйкес білімі, болуы қажет және жауапты шешімдерді қабылдауға құқылы. Құзыреттілік – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Біліктілік – адамның қандайда бір кәсібі – еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі – қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат. Кәсіби оқытушы педагогтың құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс – тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін – өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен рөл атқарады. Педагогтың іс – әрекеті көбіне оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс – әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін – өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға өз қабілет – қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды [2].

Кәсіби оқытушы педагогтың іскерлігінің негізгі бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімін (теориялық және тәжірибелік) жетілдіру болып табылады. Кәсіптік парызылықты меңгерген педагог қана оқушылардың психикалық күйлерін жете түсініп, жәрдем көрсете алады. Осыған байланысты зерттеушілер тарапынан педагогикалық деонтологияға үлкен мән беріледі, оның көрінісінен мұғалімнің жалпы мәдениеті мен іс – әрекетінен жоғары кәсіпқойлығы байқалады. Мұғалімге қойылатын барлық деонтологиялық талаптар төмендегідей негізгі ұстанымдар аясына саяды.

- оқушының денсаулығына зиян келтірмей әсер ету;
- барлық жүріс – тұрысымен, ой – өріс, іс – әрекеттерімен осы ұстанымның кең тарауына, оқушы санасына бақылау дағдыларын қалыптастыруға жол ашу.
- оқушының табиғатына үйлесімді дамуына жәрдемдесу;
- бүкіл жан дүниесімен, сана – сезімімен осы ұстанымдарды бұзуына зиян келтіретін салдарды жоюға ынталану.

үнемі басшылыққа ала отырып, халықтық педагогикамыздың бай мұраларын ұрпағымызды еңбекке тәрбиелеуде пайдалануымыз өте қажет.

Әдебиеттер:

1. Бержанов Қ.Б., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы, «Мектеп», 2005.
2. Жанабаева Р.А. Еңбек тәрбиесінің негізі. Алматы. 1991.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, «Білім», 2003.

**Оразымбетова Э.О.**

*Б.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебі*

## **ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Өрқашан даму үстіндегі кәсіби білім көтеру жүйесінің басты тұлғасы – кәсіби дайындығы жоғары, жеке басының емес, мұғалімнің жағдайын ойлайтын, жаңа талапқа сай технологияны тез меңгерте алатын ж/е оны оқу үрдісіне шебер қолдана білуге үйрететін әдіскер. Әр түрлі елдердегі білім беру қайраткерлерінің зерттеу жолдарында: «білім берудің мақсаты: өмірде үлкен жетістіктерге жету үшін адамдардың өздігінен әр түрлі салалардағы соңғы мағлұматтардан хабардар болуына шығармашылықпен өз бетінше біліктілігін арттыра түсуіне ерекше көңіл бөлінген» делінген.

Адамзат ХХІ ғасырға аяқ басқанда ЮНЕСКО дамыған өркениетті елдерге «нәтиже беруге бағытталған мектеп» моделін енгізуді ұсынып отыр. Демек, мектептерге дәстүрлі оқытудың әдістері мен тәсілдерінен тиімділігі жоғары жана сападағы дидактикалық құрал қажет.

Бұл- оқытудың жаңа технологиясы. Педагогикалық технологияның әдістемеден басты айырмашылығы- мақсат қойып, оқу үдерісінің нәтижелі болуына кепілдік береді. К.Д.Ушинский «Оқушы білімді өз бетімен жұмыс жасай білгенде ғана тиянақты игереді. Ал оқушы білім алу барысында өз бетімен жұмыс жасау қабілетін танытпаса, ол алған білімі тез ұмытылып, қажет жеріне оны қолдана алмайды».

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім берудің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-

**Дайрабаев Мақсат Сейілбекұлы**

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

## **БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДЫҚ БІЛІМгерлерін КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады»-делінген. Елбасы қол қойған мемлекеттік білім бағдарламасында жоғары білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу жан-жақты айқындалған. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, біріншіден педагогтың кәсіби білімін арттыру, екіншіден, жоғары оқу орындары білімгерлеріне қойылатын талаптарды күшейту басты назарда болуы тиіс. Сондықтан педагогикалық білімі бар маманның кәсіптік-педагогикалық шеберліктерін шыңдаудың педагогикалық шарттарын, заңдылықтарын және ерекшеліктерін зерттеу айырықша мәнге ие [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің: ұлттық мақтаныш, патриоттық сезім, адамдарға гумандық қарым-қатынас, ұлттық үрдістегі өзіндік мәдениетін сыйлауды, адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуын талап етеді. Қазіргі таңда қалыптасқан жағдай әртүрлі, бірақ өзара байланысқан оқыту мен тәрбиелеу процесін бір «білім беру» терминіне біріктіреді. Соның нәтижесінде жалпы тәрбие процесі, оның ішінде педагогикалық практика барысындағы тәрбие мәселесі назардан тыс қалып қойды. Егер білім берудің құраушылары үнемі жаңаланып отыратын білім беру жүйесімен байланысты мазмұнды танымдық контексте бағытталған болса, онда тәрбие құраушылары жеке тұлғаның құндылық құрамына, оның адамгершілік, рухани мәдениетіне бағытталған кәсіптік мектеп тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қазіргі жағдайын қанағаттанарлық деп есептеуге болмайды, ол кәсіптік мектеп оқушыларына тәрбиенің жеткіліксіздігімен тікелей байланысты [2].

Кәсіптік оқыту педагогы өз іс-әрекетінің мәнін терең түсінбей, қоғамдық-саяси, арнаулы ғылыми, психологиялық-педагогикалық білімдер жүйесін игермей, сондай-ақ теориялық білімдерін, практикалық мәселелерді шешу кезінде шығармашылықпен қолдану іскерлігінсіз жүзеге асыра алмайды. Педагогикалық практика болашақ мамандарды педагогикалық іс-әрекеттің алғашқы және аса құнды тәжірибесімен қаруландырады, білімгерлердің педагогикалық іс-әрекетке кәсіптік жұмысқа дейін-ақ даярлығының көрсеткіші қызметін атқарады. Мұның

бәрі білімгерлердің педагогикалық практикасын жетілдіру проблемасының теориялық және практикалық мәнділігін қамтамасыз етеді [3].

Педагогикалық практиканы табысты өткізу үшін, біздіңше, білімгерлердің кәсіби білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды саналы игеруге шығармашылықпен және үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігіне көздерін жеткізіп, педагогикалық практиканы өз бетімен орындайтын педагогикалық іс-әрекет ретінде қарастыру керек.

Теориялық талдау материалистік ілімдегі адам іс-әрекетінің өзгертушілік сипаты жөніндегі, практиканың ролі жөніндегі, оның басым мәні және теориямен байланысы жөніндегі ілімдерге сүйенеді; практика таным шынайылығының, практикалық іс-әрекетке жетекшілік жасау қызметін атқаратын теория ақиқаттығының шешуші және жалғыз критерийі болып табылады деген принциптік әдіснамалық қағидаларына негізделеді.

Практиканың ролі жөніндегі идея қазіргі философияда одан әрі жалғасын тауып отыр. Біз практиканы заттық іс-әрекет ретінде қарастыратын көзқарасты (Н.К.Вахтомин, В.А.Восонович, П.В.Копнин) жақтаймыз. Көрнекті психологтардың (Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, В.Ф.Ломов, С.Л.Рубинштейн және т.б.) еңбектерінде практика адамзат іс-әрекетінің маңызды және шешуші компоненті ретінде қарастырылады [4].

Педагогикалық практика проблемасының қазіргі педагогикадағы жай-күйін талдау зерттеулердің басым көпшілігінің болашақ педагогтардың кәсіптік даярлығын жетілдіруге арналғандығын көрсетеді, атап айтқанда, педагогтар шеберлігінің негізіне психологиялық-педагогикалық талдау жүргізілді (А.П.Акимова, О.А.Абдуллина, В.К.Елманова, З.Ф.Есарева); педагогикалық шеберліктің кәсіптік сипаттамасын зерттеу одан әрі жалғасуда (Н.А.Половникова, Н.А.Рыков, В.А.Сластенин, А.И.Щербаков және т.б.); педагогикалық практиканы ұйымдастыру зерделенуде (О.А.Абдуллина, Е.В.Бондаревская, З.И.Васильева, Э.А.Гришин, В.К.Розов, А.П.Сейтешев, В.А.Сластенин және т.б.); болашақ педагогтардың практика процесінде кәсіби-педагогикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырудың ерекшеліктері анықталуда (Е.И.Антипова, В.В.Воровьева, Н.З.Елова, Б.Д.Красовский, Г.А.Засовина, Е.Б.Орлова, В.Н.Овчинникова және т.б.) [5].

Ал болашақ педагог даярлығы жүйесіндегі педагогикалық тапсырмалар проблемасы әлдеқайда аз дәрежеде зерттелген. Бұл мәселе (Н.А.Смирнова) жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыс бойынша берілетін педагогикалық тапсырмалар түрінде әртүрлі аспектілерде қарастырылған; білімгерлердің танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тапсырмалардың ролі (Р.А.Низамов); білімгерлердің педагогикалық іс-әрекетіне зерттеушілік көзқарасын қалыптастыруға арналған тапсырмалардан тұратын ғылыми-педагогикалық нұсқау (В.М.Духовная, С.А.Зимичева). Сондай-ақ Н.В.Кузьмина педагогикалық мәселелер жүйесі ретінде қарастырған репродуктивтік және модельдеу жүйесі және О.А.Абдуллина зерттеп, әзірлеген

11. Өз-өзін қайрай алған адам – болашақ бақытын егіп жүрген адам.
12. Қалтаңдағы ақшаң басыңдағы біліміңе тікелей тәуелді.
13. Жалқаудың ертеңі таусылмайды.
14. Кітапты кеміріп отырған парталас көршің – ертеңгі бәсекелесің.
15. Мандай терсіз ештеңе де жоқ.

Өздеріңіз байқағандай, бұл «ережелер» қазақ халқының даналық сөздерін қайталағандай әсер қалдырады. Сондықтан оқыту барысында ұлттымыздың мақал-мәтелдерінен «еңбек туралы», «еңбекке қатынас» туралы даналық сөздерді «ереже» ретінде ұсынып, оны жастардың өмірлік принциптеріне айналдыру қамтамасыз етуге тиістіміз. Мысалы, жоғарыда келтірілген «гарвардтық ережелердің» барлығының түйіні қазақтың бір ғана «Әлің барда еңбек ет, еңкейгенде емерсің» деген мақалының мағынасына сыйып тұр. Бұдан басқа қазақта «еңбек» туралы көптеген дана сөздер бар. Және, қазақ ойшылдары Әл-Фараби, Абай, ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин, этнограф-ғалым Шоқан Уәлихановтың, қазақтың билері мен батырларының, ғалымдары мен жазушы-ақындарының еңбек туралы сөздерінің бай қоры бар. Міне, осы мол рухани байлық жастар тәрбиесіне психологиялық-педагогикалық негіз бола алады, әрі, онда ұлттық діліміздің барлық ерекшеліктері ескерілуі себепті – бұл даналық баланың жан дүниесіне сіңімді болады деп санаймыз.

